

Қашықтан оқыту форматындағы сабақтарды (консультацияларды) ұйымдастыру тәртібі

Балалар ата-аналардың қалауы бойынша кезекші топтарға бара алады немесе қашықтан оқи алады.

Қашықтан оқыту форматында тәрбиеленушілерге бейнесабақтар өткізу ата-аналар қауымдастығының сұраныстарын және әлеуметтік тапсырысты орындауды, сондай-ақ қашықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы тәрбиеленушілердің ата-аналарын консультациялық қолдауды қанағаттандыруға бағытталған.

Мектеп (шағын орталық болған жағдайда) және мектепке дейінгі ұйым басшылары ата-аналардың (балалардың заңды өкілдерінің) хабардар болуын қамтамасыз ету мақсатында және ересектер тобы, мектепалды тобы балаларына қашықтан оқытуды ұйымдастыру бойынша:

- қашықтан оқытудың барлық қатысушыларының (педагогтер, балалардың ата-аналары/заңды өкілдері) ересектер тобы, мектепалды тобы балаларын қашықтан оқытуды ұйымдастыру туралы сабақтың басталу күнін көрсете отырып хабардар болуы;

- қашықтан оқытуды өткізу үшін әр отбасында қолжетімді байланыс түрлерінің, ғаламтор-ресурстардың тізімін анықтау;

- «Сауат ашу негіздері», «Математика негіздері», «Қоршаған ортамен танысу» бойынша (күніне бір сабақ) қашықтан кіріктірілген сабақ кестесін құруы;

- педагогтердің демонстрациялық материалдарды, дидактикалық ойындарды және т.б. кеңінен қолдана отырып, қашықтан оқыту сабақтарының конспектілерін (бейнесабақтармен оқыту) әзірлеуі;

- ата-аналармен кері байланысты қамтамасыз ету;

- топтардың контингентін бекіту, сабақ кестесін, жұмыс кестесін, күн тәртібін жасау бойынша жұмыстарды ұйымдастырады.

Басшының орынбасарлары, әдіскерлер:

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын ересек, мектепалды жастағы балалардың меңгеруіне бағытталған қашықтан оқытуды ұйымдастырады;

- педагогтермен бірге ересек, мектепалды жастағы балаларды қашықтан оқытуды қамтамасыз етеді;

-жұмысты ұйымдастыру туралы барлық қашықтан оқытуға қатысушылардың (педагогтер, балалардың ата-аналары/заңды тұлғалар) белсенді ақпараттандырылуына ықпал етеді;

- қажет болған жағдайда балаларды қашықтан оқыту нәтижелерімен бейне талқылау педагогтермен өткізеді;

- ҰБДҚ мәліметтерін, тәрбиеленушілердің ауысуы, педагогтерінің сапалық құрамы, материалдық база, техникалық персонал және т. б. туралы ақпарат базасын толтырады;

- сабақ кестесін құрады;

- педагогтердің қызметін ұйымдастырады;

- тәрбиеленушілердің ата-аналарына жеке консультация беруді жүзеге асырады;

- тәрбиеленушілердің ата-аналарын (заңды өкілдерін) білім беру платформасы, сабақ кестесі туралы хабардар етеді.

Педагогтер:

- әдіскерлермен және басқа да педагогтермен бірге жас топтарына перспективалық жоспар құрастырады;

- сабақтарды өткізу жоспарын құрады;

- демонстрациялық материалдар (слайдтар, бейне, аудио, көрсетуге арналған заттар (ойыншықтар, муляждар, тұрмыстық заттар және т. б.) дайындайды;

- бекітілген кестеге сәйкес қашық форматта сабақтар өткізеді;

- ата-аналармен кері байланыс орнатады;

- ата - аналар үшін топтық, жеке бейне және аудио консультациялар өткізеді.